«Бекітемін»
№39 казақ орта жалпы
білім беру мектебінің
директоры
А.М. Кисикова
________
« » 09.2023 ж

«Келісілді»
Мектеп директоры:
тәрбие ісі-жөніндегі
орынбасары:
С.Ж.Таяуова

# Ақтөбе қаласындағы №39 қазақ орта жалпы білім беру мектеп кітапханасының 2023 - 2024 оқу жылында өткізілетін жылдық жұмыс жоспары.

**Ақтөбе қаласы**

Сканировано с CamScanner

# Кітапхана қызметінің 2023-2024 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары.

**І.Кітапхана жұмысының мақсаты:**

Қазіргі таңда жан-жақты қосымша білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы. Кітапхана сол оқу орнындағы білімге ұмтылған жас ұрпақтың табылар жері. Осы заманғы ақпарат құралдары дамыған,жаңа технологиялар заманында да кітап адамның ішкі дүниесіне, ой-өрісіне ықпал жасап, мұқтажын қанағаттандыратын, рухани азығы болып қала береді.

Оқу барысын қалыптастыруға, ақпаратқа қол жеткізуге, соның ішінде қажетті білімді мағлұматты іріктеп таңдап алуға және оқушыларға жете түсіндіріп үйрету.

**ІІ. Кітап қорының жасақталу жағдайы:**

1. Мектеп кітапханасының қоры 30431 дана. Қарапайым әрі ұтымды тәсілдерінің бірі қорды, қосалқы қорға, абономентке, оқу залына, медиатекаға, кітап беру пунктіне бөлу болып табылады. Бұл кітапханашыға оқырмандарға аса сапалы, икемді әрі тез қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Біздің мектеп кітапханасының қоры үш бөлімнен тұрады. Мақсатына қарай абономент қоры, оқу залы, кітап сақтайтын бөлім. Абономент пен оқу залы бір кабинетте орналасқан. Кітап қорындағы кітаптар әдеби кітаптар әріптер бойынша , ғылым салаларының кітаптары индекстері бойынша , оқулықтар кластары бойынша орналасқан.
2. Өткен оқу жылында кітап қорында 28430 дана кітап болатын, 1905 дана жаңа оқулық келіп түсті. Қазіргі таңда кітап қорында, көркем әдебиеттер 3070 дана, оқулық 27361 дана, есептен шығарылған оқулықтар саны – 7 459 дана, қазіргі таңда есеспте тұрған оқулықтар - 22 972 дана.
3. Қорды сақтаудың қалыпты режимдерінің бірі - оны шаңнан және биологиялық зиянкестерден қорғау. Кітапхана қорын бүліну мен ұрланудан қорғау үшін оны сақтау мен пайдалануға қолайлы жағдай туғызу қажет. Өрттен қорғау қағидаларын сақтау керек.

**ІІІ. Кітапхана жұмысының негізгі бағыттары:**

Оқырмандарға кітапханалық қызмет көрсету. Оқушылардың білімдік, ақпараттық , мәдени және демалыс қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Кітапхана оқырмандарына жеке қызмет көрсету барысында кітапханашы оқырмандардың мүдделерін зерделеп оған әдебиеттер ұсынып, кеңестер беріп, жеке әңгімелесу арқылы оқырманның сұранысын орындауға көмектесу.

Кітапханада топтық және көпшілік қызмет көрсету. Мектеп кітапханасында көпшілік жұмыс, әдетте, мынадай бағыттар бойынша жүргізіледі.

- Оқу үрдісіне жәрдемдесу.
- Мектептің тәрбие бағдарламаларына көмектесу
- Еркін оқуды ынталандыру

Қызметтері:

- Ақпараттық салауаттандырушылық.
- Оқу процесін қамтамасыздандыру.
- Оқырмандардың қызығушылығын арттыру.

Міндеттері:

- Жас оқырмандарды кітап оқуға баулу.
- Оқу мәдениетін қалыптастыру.
- Оқулықтарды қадірлей білуге тәрбиелеу.

Сканировано с CamScanner

## IV. Ағартушылық, көпшілік, кітап оқуға қызығушылықты арттыру бағытында жүргізілетін іс – шаралар.

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Жұмыс түрі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|
| | | **Қыркүйек айы** | | |
| 1 | «Кітап білім бұлағы» | Мектеп оқушыларын оқулықпен қамтамасыз ету | Оқулық тарату | Кітапханашылар |
| 2 | Кітапхана (мектеп кітапханасының кітапхана ішіндегі негізгі құжаттамасы) | Құжаттарды ретке келтіру. | Негізгі қормен оқулықтар қорының құжаттарды реттеуді жүргізу | Кітапханашылар |
| 3 | Кітапхана (мектеп кітапханасының кітапхана ішіндегі негізгі құжаттамасы) жұмыс жоспары | көпшілік, кітап оқуға қызығушылықты арттыру бағытында жүргізілетін іс – шаралар. | Жылдық жоспарды ұйымдастыру | Кітапханашылар |
| 4 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітапхана әлемі», «Кітап Game» интеллектуалды ойын, «QR код арқылы ақпараттар әлеміне жөн сілтеу» | Оқушыларды заманауи кітапхана ережесімен таныстыру.«QR код арқылы қазақ әдебиетінің қазыналы туындыларын насихаттау, оқушыларды кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру | Экскурсия Обл кітапханалар | Кітапханашы –оқушы, Мұғалімдер. С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы |
| 5 | «Үштұғырлы тіл» | Оқушылардың тілге деген. сүйіспеншілігін арттыру, тіл туралы білімдерін жетілдіру | Оқушылармен сұхбат | Кітапханашы –оқушы, Мұғалімдер<br>Батырбек Ә.Б |
| | | **Қазан айы** | | |
| 6 | Оқулықтардың тазалығын тексеру<br>«Таза - оқулық» | Кітапты ұқыпты, таза ұстауға баулу. | рейд | Кітапханашылар. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Таяуова С.Ж Тәлімгер Құлшаева Г.Т. |
| 7 | «Халық бірлігі мен тұтастығын аңсаған» (слайд көрсету) | Ақын С.Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына орай, жазушының шығармаларын насихаттау. | Танымдық сағат Кітап көрме | Кітапханашы –оқушы, Мұғалімдер. «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ № 3 кітапханамен |
| 8 | Республика күніне орай, «Менің Отаным - Қазақстан» | Жас ұрпақты Отанын сүюге, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, бай – қуатты ел екендігін мақтан етуге үйрету, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. | Кітап көрме Танымдық сағат | Кітапханашы –оқушы, Мұғалімдер |
| | | **Қараша айы** | | |
| | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | « Теңге – Тәуелсіздік келбеті» | Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру. | Патриоттық сағат | Кітапханашы –оқушы, Мұғалімдер. С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы |
| 10 | «Барлық пәндер арқылы» үзілісте кітап оқу сағаты | Оқушылардың кітап оқу құзыреттілігін арттыру бағытында | Оқу сағаты | Кітапханашы –оқушы, Мұғалім. |
| | | **Желтоқсан айы** | | |
| 11 | «Мол үміт күтем, жас ұрпақ сендей асылдан» | әрбір жас жастарымыз өзінің туған Отаны - Қазақстанын жанындай сүйіп, танып, оған табынып өсуі қажет. Сонда ғана жас ұрпақ бойында патриоттық сезім ұялап, келешегіміз кемелдене түспек. | Дөңгелек үстел | Кітапханашы –оқушы, Мұғалімдер. «Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі» КММ № 3 кітапханамен |
| 12 | «Желтоқсан – Тәуелсіздіктің ұлы рухы» | Тәуелсіздік туралы терең мағлұмат беру. Ата - бабамыздың тәуелсіздік жолында ғы ерлігін үлгі етіп, өз Отанын сүюге, еліне, халқына қызмет етуге тәрбиелеу... | Танымдық сағат Кітап көрме | Кітапханашы –оқушы, Мұғалім<br><br>Батырбек Ә.Б |
| 13 | «Ақиқаттың жоқшысы» | «БІР ЕЛ – БІР КІТАП» Республикалық акциясы аясында таңдалған жазушы Төлен Әбдіктің шығармаларын насихаттау | Әдеби – танымдық сағат | Кітапханашы –оқушы, Мұғалімдер. С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы |
| | | **Қаңтар айы** | | |
| 14 | Оқулықтардың тазалығын тексеру<br><br>«Таза - оқулық» | Кітапты ұқыпты, таза ұстауға баулу. | рейд | Кітапханашылар. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Таяуова С.Ж Тәлімгер Құлшаева Г.Т. |
| 15 | Қорға жаңадан келген көркем және сала әдебиеттерін орналастыру | Көркем және сала әд ебиеттерін КБЖ бой-ынша орналастыру | Кітапхана бөлімінің жұмысы Айына бір рет | Кітапханашылар |
| 16 | Кітапхана (мектеп кітапханасының кітапхана ішіндегі негізгі құжаттамасы) | Құжаттарды ретке келтіру. Формуляр ашып нөмерлеп тіркеу. | Бастауыш сынып оқушыларын тіркеу құжаттарын реттеуді жүргізу | Кітапханашылар |
| | | **Ақпан айы** | | |
| 17 | «Білімділер бәйгесі» интеллектуалды сайыс 5-6 кл оқушылары аралығында | Қазақ сахарасының біртуар ұлы, қазақтың ұлы ақыны, жазушылардың шығармаларын насихаттау | Сахналық қойылым | Кітапханашы –оқушы. Мұғалім. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Таяуова С.Ж |
| 18 | «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» жобасы аясында «Ертегі айтып берейін» | Ертегілер әлемі туралы танымын кеңейту. іздену, зерттеу қабілеттерін | әдеби сағат | Кітапханашы –оқушы, Мұғалім. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | дамыту.Ертегі мазмұнымен қызықтыру нәтижесінде оқушылардың қызығушылығын арттыру, | | |
| 19 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, «Bookcrossing» бұрышы «Өзің оқы, өзгеге ұсын» акциясы | Кітап оқуды насихаттау, балалардың кітапқа деген қызғушылығын арттыру, бір-бірлерімен кітап алмасу. | «Bookcrossing» бұрышы | Кітапханашы –оқушы, Мұғалім. |
| | | **Наурыз айы** | | |
| 20 | Оқулықтардың тазалығын тексеру | Кітапты ұқыпты, таза ұстауға баулу. | рейд | Кітапханашылар. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Таяуова С.Ж Тәлімгер Құлшаева Г.Т. |
| 21 | «Жырлайды жүрек» атты байқау. 7-8 кл оқушылары | Мұқағали Мақатаев шығармашылығын насихаттау мақсатында | Мәнерлеп оқу байқауы | Кітапханашы – оқушы, Мұғалім. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Таяуова С.Ж |
| 22 | «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, «Кітапханаға кітап сыйла» | Кітапхана қорын көркем әдеби кітаптармен толықтыру. | Акция | Кітапханашы – оқушы, мұғалім Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Таяуова С.Ж |
| | | **Сәуір айы** | | |
| 23 | «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» | мақал-мәтел, жұмбақтар айту арқылы оқушыларды көркем, ұтымды сөйлеуге, қиыннан қиыстыра білуді арттыру. | Сайыс 8 - кл оқушылары | Кітапханашы –оқушы, Мұғалім. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Таяуова С.Ж Тәлімгер Құлшаева Г.Т. |
| 24 | "Үш бәйтерек,үш діңгек:Сәкен,Ілияс,Бейімбет" | Жазушының өмірі, шығармашылығы туралы мәлімет беру | Кітап көрме, Әдеби вернисаж. | Кітапханашылар, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері |
| | | **Мамыр айы** | | |
| 25 | «Ел мен ердің жеңісі» | 9 Мамыр жеңіс күніне орай | Кітап көрме, библиографиялық шолу | Кітапханашы –оқушы, Мұғалім. |
| 26 | Кітап-білімнің қайнар көзі | Оқулық жинау | Оқулық жинау | Кітапханашылар |

Сканировано с CamScanner

**Y. Кітап қорымен жұмыс жасау**

| № | Жүргізілетін жұмыстар | Өткізілу мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Қорға келіп түскен оқулықтарды есепке алып тіркеп отыру | Қыркүйек, қазан | Кітапханашылар |
| 2 | Кітап қорын жинақтап шаң-тозаң , зиянды заттардан сақтау. | Жыл бойы | Кітапханашылар |
| 3. | Қорды мазмұны мен мақсатына қарай орналастыру | Жыл бойы | Кітапханашылар |
| 4. | Кітапхана қорын бүлiну мен ұрланудан қорғау | Жыл бойы | Кітапханашылар |
| 5. | Оқырмандар жоғалтқан бүлдірген кітаптарды сол жоғалған кітаптың құны мен мазмұны бірдей басылыммен алмастыру. | Сәуір<br>Мамыр | Кітапханашылар |
| 6. | Каталог - картотекаларды толықтырып отыру | Жыл бойы | Кітапханашылар |
| 7. | Кітап қорына қазақша көркем әдебиеттерді толықтыру мақсатында жылына бір рет кітап акциясын ұйымдастыру | Сәуір | Кітапханашылар |

**VI. Жеке оқырманмен жұмыс**

| № | Жүргізілетін жұмыстар | Өткізілу мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1. | Жаңа оқу жылында әр оқырманға жеке формуляр ашып қайтадан нөмірлеп тіркеу. | Қыркүйек<br>Қазан | Кітапхана меңгерушісі<br>Кітапханашы |
| 2. | Оқырмандарға жеке қызмет көрсету барысында оқырманның мүдделерін зерделеп, әдебиеттер ұсыну | Жыл бойы | Кітапханашылар |
| 3. | Оқырманмен жеке жұмыста әңгімелесу әдісін қолдану | Жыл бойы | Кітапханашылар |
| 4. | Кітап244 боpесі оқырмандармен жұмыс жасау | Сәуір<br>Мамыр | Кітапханашылар |
| 5. | Оқырмандар арасында сауалнама жүргізу | Тоқсан сайын | Класс жетекшілер |
| 6. | Оқырман сұранысын орындау | Жыл бойы | Кітапханашылар |

Кітапхана меңгерушісі: - Конырова Н.М

Сканировано с CamScanner